

Республикалық бюджеттің шығыстарын секвестрлеудің тәртібін әзірлеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 17 сәуір N 104-ө

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының Z960052 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының
Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і :

1997 жылға бекітілген бюджет тапшылығының деңгейі артқан немесе қаржы жылының жарты жылында және 9 айында оны орындау процесінде республикалық бюджетке түсетін кірістердің бекітілген көлемі айтарлықтай төмендеген жағдайда, шығыстарды секвестрлеу туралы шешімнің жобасын Қазақстан Республикасының
Ү к і м е т і н е е н г і з с і н ;

1997 жылдың 1 мамырына дейін қорғалатын ерекшеліктер жөніндегі шығыстардың уақытында қаржыландырылуын қамтамасыз етуді ескере отырып республикалық бюджеттің шығыстарын секвестрлеудің тәртібін әзірлесін және оны бекітсін.

Премьер-Министр